



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

әлеуметтік желі, ол жерде қыздар ұлттық тағамдардың рецептін, отбасында қарым-қатынас жасаудың тәртібімен және көптеген сұраққа жауап ала алады. Қосымшаның аудиториясы – 18 ден 45ке дейінгі тұрмыс құрған және бойдақ қыздар. Бұл қосымша Арман Сүлейменов ұйымдастырған «The Summer Startup School» жазғы стартап-мектебі аясында жасалған. Ол «Болашақ» бағдарламасының түлегі, танымал қазақстандық стартапшы әрі Пристандық университеттің (АҚШ) магистранты. Дидараға өз идеясын іске асыруға сегіз апта берілген. Жоба қатысушыларымен жасалған мыңдаған ұялы қосымшаның ішінде «Kelin» ең танымал болып шықты. Оны іске қосқаннан кейін бір жарым айдан соң ол 123 мың пайдаланушыны жинай білді. Оған қоса, ондағы «Күпиялар» атты бөлімде 73 мың жазба жазылған [5].

Дегенмен, мақсат ер-азаматтарды басып озу, олармен бәсекеге түсу емес. Қазақ әйелі қандай мықты басқарушы, табыскер болса да ер азаматынан әрқашан бір саты төмен тұрады. Ол – табиғат, ол – дәстүр, ол – тәрбие. Бізді өзге мемлекеттердің гендерлік институттарынан ерекшелетін де осы қасиетіміз. Жалпы мемлекет тарапынан гендерлік саясатқа назар аударылып келеді. Кәсіпке жауапкершілікпен қарап, әр жобаға жанын беретін қыз-келіншектер есеп-қисапқа, құжаттар мен күнделікті жұмыс барысына ұқыпты келеді. Әйел кәсіпкерлігіне мемлекет тарапынан көрсетілген кез келген қолдау қажетті. Әйелдер ел экономикасына «қыздың жиған жүгіндей» тәртіп пен жинақылық әкеледі, жемқорлық та азаяды деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанда қанша шағын және орта бизнес субъектісі бар? // Atameken.kz
2. Табысқа жеткен кәсіпкер әйелдер туралы // business.gov.kz
3. Үйде бизнес жасауға болады ма? // tabysker.kz
4. Жеке кәсіпкер әйелдер саны 1,1 пайызға артты // 7 kun.kz
5. Әйелдер-бизнес билігінде // Atameken.kz

УДК: 330.88

ЦИФРЛІ ҚАЗАҚСТАН - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ТРЕНДІ РЕТІНДЕ

Нұржан Қымбат Нұртілеуқызы

kimbatnk@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультетінің

Қ-11 студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. Досмағанбетов

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2018 жылы 10 қаңтарда қабылданған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «... Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде. Біз жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, «Қазақстан-2050» даму стратегиясын қабылдадық. Алдымызға озық дамыған отыз елдің қатарына кіру мақсатын қойдық. 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Оның 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда. Өткен жылы Қазақстанның Үшінші жаңғыруы бастау алды. Индустрияландыру бағдарламасы табысты іске асуда. «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының

кешенді стратегиялық жоспары жасалды. Біздің ұзақ мерзімді мақсаттарымыз өзгеріссіз қала береді. Қажетті бағдарламалардың барлығы бар ...», - деген сөздерін айтқан болатын [1].

Цифрлық экономика - цифрлық телекоммуникациялар көмегімен жүзеге асырылатын экономика болып табылады. 1995 жылы американдық информатик Николас Негропonte (Массачусетс Университеті) «цифрлық экономика» терминін енгізді. Енді бұл термин бүкіл әлемде қолданылады. Ол термин саясаткерлер, кәсіпкерлер, журналистер үшін кең таралған тәжірибеге айналды. Өткен жылы Бүкіләлемдік Банктің негізгі баяндамаларының бірі әлемдегі цифрлық экономиканың жай-күйі туралы есеп берді (баяндама «Сандық дивидендтер» деп аталды). Дегенмен, осы тұжырымдаманың мазмұны әлі күнге дейін бұлыңғыр болып қалуда, яғни нақты анықтама жоқ. Компьютер, интернет, ұялы телефондар қазірдің өзінде «тұтыну» деп саналуы мүмкін, бұл жағдайда цифрлық экономика интернеттің, ұялы байланыс, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының делдалы болып табылатын экономикалық қатынастардың бөлігі ретінде ұсынылуы мүмкін. Шынында да, компьютер арқылы орындалатын біздің барлық әрекеттеріміз өндіріс, бөлу, айырбастау немесе тұтыну жүйесіне жатқызылуы мүмкін.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы шикізат саласының ғана емес, агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық мүмкіндігі молая түспек. Нәтижесінде, қазақстандық ірі компанияларға қаржы құю көрсеткіші көбейеді. Болжам бойынша, экономика салаларын цифрландыру еңбек өнімділігін дамыған отыз мемлекеттің деңгейіне көтеруі мүмкін. Айта кетейік, индустрия технологиялары электронды сауда алаңы, көлік, агроөнеркәсіп, энергетика салаларына енгізіледі деп күтіліп отыр. Жалпы тың бастамаларға германиялық тәжірибе түрткі болған. Биылдың өзінде өнеркәсіпті автоматтандыру және цифрландыру институты құрылып, үлгілі цифрлық фабрикалар іске қосылады. Интеллектуалды өзге де технологиялар бірнеше кәсіпорын жұмысында қолданылады. 2022 жылға қарай олардың үлесі 11 пайызға жеткізіледі. «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жана индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл - маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты», - деп өзінің таяудағы жыл сайынғы Жолдауында айрықша атап өткен Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осыған орай Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырған болатын. Цифрландыру қазіргі таңда ақпараттандыруды, автоматтандыруды, роботтандыруды және жасанды ақылды қоғамға енгізудің үздіксіз түрленетін, динамикалық өзгерістерге ұшырайтын, масштабталатын және ықпалдасуға бейімделетін қасиетімен ерекшеленеді. Басқаша айтар болсақ, қазіргі уақытта мемлекет тіршілігін қамтамасыз ететін жүйенің ендігі уақытта мызғымас, өзгермейтін, бір рет қана әрі мәңгілікке құрылған жүйе ретінде көз алдымызға елестету мүмкін емес. Сол себепті экономиканы цифрландыру мемлекет дамуының мақсаттарына лайықты одан әрі үздіксіз жаңғырады [2].

Ал енді, цифрлық экономиканың (ЦЭ) артықшылықтарына тоқталып кетсек:

1. ЦЭ-ның басты артықшылығы еңбек өнімділігінің айтарлықтай өсуі (бір адамның құндылығын күрт арттырады).

2. Орталықтандырылған басқару, салық салу және бақылаудың жеңілдігі. Барлығы автоматтандырылған уақытта, отырып, машинаны айдап, таблоға қарап, түймелерді басып отыра беруге болады.

3. Барлық экономикалық процестерді жаһандық автоматтандыру және стандарттау: өндірістік, білім беру, медициналық, әлеуметтік және т.б.

4. ЦЭ-ның маңызды артықшылығы - бұл экономикалық дағдарыстардың яғни, бюрократизм және жемқорлықтың төмендеуі.

5. Ал физикалық ақша тез арада өзінің мағынасын жоғалтады. Он жылдың ішінде олар болмауы керек.

6. Саяси өмір жеңілдетіледі. Саясаткерлер, партиялар, сайлау, парламент «демократия» белгілерінің болуын тоқтатады. Барлығы алдына қойылған мақсаттарға байланысты. Сондай-ақ, ол атқарушы орталық пен түйіндерге қадамдық нұсқаулар береді. Бұл, әрине, ресурстар мен қорларды айтарлықтай үнемдеуге уәде береді.

7. Ұлттық мәселені толығымен жояды. Әлемдік машина торабында кімнің экранда тұрғаны немесе жұмыс жасайтыны және тұтынатыны маңызды емес. Пайдаланушыларды қосымша бөлу операциялық жүйеде қосымша жүктемелерді жасайды. Барлығы сандық рейстер арқылы жасалады.

8. Минимизация, яғни іс жүзінде экономика мен өндірістің адам факторының тұрақсыздығына тәуелділігінің нөлге дейін азаюы. Оны қысқаша адамның артықшылығы мен кемшіліктері, оның көңіл-күйі, жеке проблемалары, шаршағандық, кәсіподақтарға мүше болу, гормондық және ауа-райының ауытқуы, денсаулық жағдайы және т.б. кәсіби тиімділікке әсер етуді тоқтатады.

Ал, кемшіліктеріне, төмендегілер жатады:

1. Шетелдік IT-технологиялардың өмір мен қызметтің барлық қырларына енуі біздің егемендікті елеулі түрде шектейді және оның осалдығын арттырады.

2. Өнеркәсіп пен қызмет көрсетуді роботтандыру жұмыссыздық деңгейін арттырады.

3. Адам және адам ресурстарының сарқылуы.

4. Ұлттық киберқауіпсіздіктің нақты қатерлері қаржы, көлік және энергетикалық инфрақұрылым, экономикалық басқару, әлеуметтік «инжиниринг» және модельдеу болып табылады. Осы қатерлер кең түрде ұшыраса бастайды [3].

Қазақстан экономикасы, жалпы алғанда, тұрақты даму үстінде, бірақ цифрландырудың қарқынын арттырмай, өнеркәсіптік өндіріс, бөлшек сауда, ауыл шаруашылығы, көлік саласында өсім болуы мүмкін емес. «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қоры мен TheBostonConsultingGroup «Қазақстанның макроэкономикалық келешегі және цифрландырудағы инвестицияның жаңа көкжиектері» атты бірлескен зерттеу жұмысында осылай делінген.

Хабарламада айтылғандай, цифрландыру саласында Қазақстан алға жылжып келеді: цифрлық экономикаға тартылу деңгейі тұрғысынан Қазақстан Ресей, БАӘ, Аргентина мен Чили сияқты елдермен қатар деңгейде және индексі 0,72 (БҰҰ мен ВСГ-тың 2017 жылғы мәліметі), әлемдік орта көрсеткіштен (0,49) жоғары тұр. ВСGe-intensity рейтингінің мәліметі бойынша, қазақстандық компаниялар арасында кең жолақты интернетке кіру көрсеткіші 45 %-ды құрайды. Бұл көрсеткіш жағынан Қазақстан БАӘ (53%) және Малайзиямен (38%) теңдес. «Цифрландырудың өнеркәсіптік өндіріс, халық шаруашылығы, көлік, бөлшек сауда салаларына ықпалы орасан, бірақ Қазақстан бұл салаларда әзірге әлемдік орта деңгейге жеткен жоқ. Мысалы, Қазақстандағы өнеркәсіптік өндірісті автоматтандыруға жұмсалып отырған шығын ДЖӨ-нің 0,07-0,09%-ын ғана құрайды, бұл әлемдік орташа деңгейден (0,18%), 2,3-3 есеге аз, ал Солтүстік және Оңтүстік Америкадан 4-5 есеге аз. Онлайн-сауда нарығы тіпті мардымсыз, 2017 жылғы бөлшек сауда нарығының 0,8%-ын ғана құрайды», – делінген зерттеу жұмысында. TheBostonConsultingGroup бас директоры және әріптесі Сергей Перепечканың айтуынша, Қазақстан экономикасын одан әрі цифрландыру көптеген салалардың дамуы үшін негізгі фактор болады. «Бүгінгі таңда Қазақстанның цифрлық экономикасы БРИКС елдерінің деңгейінде өсіп келеді, бірақ бұл жеткіліксіз, экономикаға артықшылық беретіндей серпілістер керек. Мысалы, электронды коммерцияның дамуы шағын және орта бизнес үшін жаңа арналар ашады, сондай-ақ, «сұр» экономиканың көлемін барынша азайтады. Зерттеуге сәйкес, қазіргі кезде электронды коммерцияның Қазақстандағы үлесі 0,5%, Ресейде 3%, Қытайда 8,3%. Қазақстандық электронды нарық бөлшек сауда ресейлік нарықтың қарқынымен өсетін болса, 2020 жылға қарай оның көлемі 750-800 млн. доллар болуы мүмкін.

«Өзге салаларға келетін болсақ, өнеркәсіптік өндірістегі әңгіме қолданыстағы өндірістік алаңдарды автоматтандырып, мұнай-газ, тау-кен индустриясында, энергетикада 3D-баспа технологиясын қолдануға қатысты болмақ. Қазір елдегі ДЖӨ-нің 25%-ын құрайтын

өнеркәсіптік өндірістегі автоматтандыру деңгейі лайықты деңгейде емес: компаниялардың 20%-ында компьютер жоқ, 24%-ы Интернетке шыға алмайды», – дейді ол. Сондай-ақ зерттеуде айтылғандай, ауыл шаруашылығының дамуын «нақты жер өңдеу» деп аталатын технологиялар қамтамасыз ете алады, олар нақты мәліметтер арқылы тыңайтқыштар мен химикаттарды сауатты пайдалануға мүмкіндік береді.

«2016 жылы ауыл шаруашылық компанияларының 33%-ында ғана компьютерлер болғанын және оның 27%-ы ғана интернетке шығуға мүмкіндігі болғанын ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де орасан екенін көреміз. Көлік саласында цифрландыру, билеттерді брондау, мобильді қосымшалар арқылы пошта жіберу, сұраныс пен жоспарлау үдерістерін автоматтандыру, құрал-жабдықты қажетке жаратудың сараптамалық шешімдерін жасау және т.б. көптеген мәселелерді шешер еді. Бұл цифрлық технологиялардың көмегімен жұмысты оңтайландырудың жекелеген мысалдары ғана», – делінген зерттеу мақаласында. BCG жасаған e-Intensity Index индексіне сәйкес Қазақстан Aspirants тобында, яғни цифрлық тұрғыда дамушы елдер қатарында қалады. Жалпы жағдайдың жақсарғанына қарамастан, Қазақстанның осы рейтингтегі орны өзгермейді (ол 50-52 орында тұр), мұның өзі осы саладағы өсу мүмкіндіктерінің әлі де зор екенін көрсетеді.

Цифрлық экономиканың негізгі ретінде Блокчейн (көпшілік тізбе кітабы) технологиясын қолдану мақсатқа сай деп ойлаймын. Блокчейн (Blockchain) - бұл тек қана цифрлық криптовалюта (Bitcoin) ғана емес, сонымен қатар өзге де құндылықтарды Интернет арқылы тұлғадан тұлғаға делдалсыз алмасудағы қауіпсіз технология. Ол барынша ашық және жүз пайызға қорғалған, онда кімге не тиесілі екендігі жазылған, әрі мұндай көпшілік тізбе кітабын қолдан жасау, өз бетінше өзгерту мүмкін емес. Қатысушылар арасындағы әрбір мәміле немесе транзакция делдалсыз тұлғадан тұлғаға жүзеге асырылады және ол тарату мәліметтер базасының тізбесіне қосылады. Бұл тізбеде әр транзакцияның уақыты, қатысушылары, мәміле сомасы, т.б. мәліметтері сақталады. Күрделі математикалық алгоритмдер мен арнайы бағдарламалар (майнерлер) жүйенің бүтіндігіне және жалпы қолжетімділігіне қадағалау жүргізеді. Артық бюрократизм мен жемқорлық жойылады. Мәселен, блокчейн белгілі бір тауардың өндірушіден тұтынушыға дейін жеткізілуінің бүкіл тізбесін қадағалауға мүмкіндік береді [4].

Қорытындылай келе, мен цифрлы Қазақстан бағдарламасына көшу мәселесін қолдаймын. Себебі, өнеркәсіпті де, денсаулық сақтау саласын да цифрландыру ел дамуын жаңа бір сатыға көтереді. Экономика дегенде әсіресе, ауыл шаруашылығына, агроөнеркәсіп кешеніне ерекше көңіл бөлініп отыр. Себебі, ауыл шаруашылығы қорымыз бай. Сондықтан ол біздің негізгі табыс көзіміз болуы тиіс. Демек, бар күш-жігерімізді, инвестициямызды сонда тартып, барынша қызметтерді жетілдіру қажет. Сол кезде барып өндірістің де, өнімнің де сапасы артады. Бұл ретте біз әлемнің озық тәжірибелері мен өзіміздің тың жобаларымызды үйлестіре отырып, өзімізді дамытуымыз қажет. Сонда ғана үздік 30 мемлекеттің қатарына кіре аламыз. Онымен қоса, ол бағдарлама еліміздің болашақ экономикасының дамуы үшін әсері өте зор. Себебі ол еңбек өнімділігін арттырады. Оны төмендегідей мысалмен дәлелдей аламын. «Ибраш Естаев егістік алқабына автоматтандыру жүйесін енгізген облыстағы алғашқы дихандардың бірі. Мамандардың айтуынша, Цифрлы технологияға көшу қыруар шығындарды азайтып қана қойған жоқ, қағазбастылықтан құтқарды, уақытын үнемдеді. Асқар Жабаяев басқаратын диірмен кешені электронды қолхатты пайдаланғанына 1,5 жыл болды. Қазір түрлі құжаттарды рәсімдеу уақыты 5 минутқа дейін қысқарған. Бұл кешенде айына 15 мың тонна бидей өңделеді. Шыққан өнімнің 95 пайызы экспорт еншісінде. Былтыр электронды қолхат жүйесі арқылы елімізде жалпы құны 627 млрд теңге болатын, 19 млн тонна астық саудаланған. Қағазбастылықтан арылу фермерлердің 750 млн теңгесін үнемдеген. Енді сауда-саттық онлайн тәртібіне көшсе, шетелдіктермен байланыс артып, табыс көлемі еселенеді», - дейді мамандар. Бұл арқылы мен Цифрлы Қазақстан бағдарламасы Қазақстан Республикасы үшін ең маңызды бағдарлама екенін дәлелдегім келді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», 2018 ж. 10 қаңтар.
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанда №827 Қаулысы.
3. Цифровая экономика: преимущества и риски в системном подходе. Мнение //Геополитика. 2017, 14 октябрь.
4. Абай Аймағамбет. Экономиканы цифрландыру – мәртебелі меже //«Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті. 2018 жыл, 21 ақпан.

УДК 33.3347(547)

КӘСІПКЕРЛІКТЕ ӨНІМДЕРДІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІКТЕГІ ОРНЫ

Орынбай Аманкүл Талғатқызы

almaganbetova111@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Смаилова Д.О.

Жаппай жаһандану кезінде алпауыт елдердің көлеңкесінде қалып жұтылып кетпес үшін отандық өнімді бізге көбейту керек. Ал, отандық өнімді көбейту үшін ішкі саудада отандық өнімдердің саны артуы керек және оны тұтынушылардың саны да артуы керек. Бүгінде біздің елімізде отандық өнім көппе және оған сұраныс қай дәрежеде?

Елімізде отандық өнімнің үлесінің көбейту ең басты екі мәселені шешуге мүмкіндік береді. Экономикамыздың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді және халқымыздың денсаулығын сақтайды. Алайда, бүгінгі жаһандық бәсекелестік жағдайында баға мен сапа факторы алдыңғы орында. Тұтынушының талғамынан шыға алмаса тауар өндірушінің нарықта табан тіреп тұруы қиын. Қарапайым халық алдымен қалтасын ойлайды, сол халықтың көңілінен шықсан ғана өнімнің дүкен сөрелерінде жатпайды. Нарықтың осынау қатаң заңы нағыз бісекелестікке жол ашады, көзін тапсан ғана ісін ілгері басады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің сипаттамалары қандай? Оның негізгі құрауыштарын атап өтейік:

А. Негізгі құрауышы өнімнің өзімен тікелей байланысты және оның сапасына көп көңіл аударылады. Көптеген зерттеулер нәтижесінде өнімді сатып алу туралы қорытынды шешім (30-35%) оның сапалық сипаттамаларымен байланысты екенін көрсетеді.

В. Екінші құрауышы өнімді сату мен сервисімен байланысты. Тұтынушы көбіне өнімнің сапасы төмен, бірақ сенімді және қымбат емес сервиспен (мысалы, автотехника) сатылатын тауарды таңдайды.

С. Үшінші құрауыш бұл тұтынушыға, субъективті фактор ретінде жағымды немесе жағымсыз әсерін тигізетінің бәрі.

Кәсіпорын өнімінің. Бәсекеге қабілеттілігін модельдеудің мақсаты бәсекелес кәсіпорынның өнімдері арасында нарықты бөлудің нарықтық механизмін модельдеуге келіп тіреледі.

Кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігі белгілі бір фактордардың ықпалымен қалыптасады. Олардың арасындағы негізгілері:

- Баға;
- Сапалық;
- Жаңалық;
- Жарнама;
- Пайдалану сенімділігі;
- Көркемдеу, мәнерлеу;